



**БҰЙРЫҚ**

*2022 жылғы 29 қыркүйек күні*

Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *1-03/3.17.*

город Павлодар

**«Ақберен» республикалық байқауы  
қалалық кезеңін өткізу туралы**

Қалалық мектеп оқушыларының өлең жазу, тапқыр талантын, дарындылығын ашу, шығармашылық қабілеттерін айқындау мақсатында және 23.09.2022 жылғы «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу - әдістемелік орталығының № 3 – 06 - 321 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 4 қазан күні сағат 10:00-де 8 - 11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық байқауының қалалық кезеңі № 35 жалпы орта білім беру мектебінде (келісім бойынша) өткізілсін.

2. Байқаудың қалалық кезеңінің ұйымдастыру және өткізу құрамы, қазылар алқасының құрамы (№ 1, 2 қосымша) бекітілсін.

3. Мектеп директорлары байқауға қатысушылардың уақытымен келіп - қайтуын қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін топ жетекшісіне жүктелуін қарастырсын.

4. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК (А.Л. Мухаметжанова) байқаудың қалалық кезеңінің өтуін ұйымдастырсын.

5. Қазылар алқасы мүшесіне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы жүргізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісі Г.Ш. Шиндлярскаяға жүктелсін.

Бөлім басшысының  
міндетін атқарушы



*[Handwritten signature]*

А.Маликова

Таныстырылды

*[Handwritten signatures]*

000868